

## География


*Нұсқаулық: Сізге бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі*

1. XX ғ II жартысында Қазақстандық Кентану мектебінің негізін қалаған ғалым
  - A) Ш.М. Надыров
  - B) Қ.И. Сәтбаев
  - C) Ә.С. Бейсенова
  - D) Ш.Ш. Уәлиханов
2. Орографиялық сызба тән таулы өлке
  - A) Сарыарқа
  - B) Тянь-Шань
  - C) Алтай
  - D) Сауыр
3. Қашықтықтан барлаудың геология және геоморфология саласында қолданылуы
  - A) су режимін анықтау
  - B) тау мұздықтарын бақылау
  - C) тектоникалық қозғалыстарды бақылау
  - D) турбуленттілікті анықтау
4. Қашықтықтан барлауда климаттық нысанға жатады
  - A) магма
  - B) ағыс
  - C) жел
  - D) жанартау
5. Орал тауларының оңтүстік шеті болып табылатын аласа тау
  - A) Қаратау
  - B) Маңғыстау
  - C) Мұғалжар
  - D) Сарыарқа
6. Кіндіктас және Жетіжал жоталарының аралығындағы асуда соғатын күшті жел
  - A) Қордай
  - B) Мұғалжар
  - C) Шілік
  - D) Ебі-Сайқан
7. Арал алабына жататын ірі өзен
  - A) Іле
  - B) Есіл
  - C) Сырдария
  - D) Ембі

8. Солтүстік Мұзды мұхит алабына жататын өзен

- A) Сырдария
- B) Сарысу
- C) Ертіс
- D) Жайық

9. 200 м-ге дейінгі жер бедері



- A) үстірт
- B) аласа тау
- C) қырат
- D) ойпат

10. Қазақстан аумағындағы ежелгі платформа бетінде орналасқан географиялық нысан

- A) Каспий маңы ойпаты
- B) Батыс Сібір
- C) Тұран жазығы
- D) Солтүстік Қазақ жазығы

11. Қазақстанның табиғи аумақтарын ылғалдану деңгейіне қарай сәйкестендіріңіз

Табиғат зоналары	Ылғалдану коэффициентінің деңгейі
1) Орманды дала, дала	A) 0,2; 0,3 мардымсыз
2) Таулы аймақтар	B) 1,8; 2,4 артық
3) Шөл, шөлейт	C) 0,3 :0,8 ауыспалы

- A) 1-B; 2-A; 3-C
- B) 1-A; 2-B; 3-C
- C) 1-C; 2-A; 3-B
- D) 1-C; 2-B; 3-A

12. Өзендерді Қазақстан аумағындағы ұзындығымен сәйкестендіріңіз

	Өзендер		Өзендердің ұзындығы
I	Ертіс	A	1400 км
II	Сырдария	B	1082 км
III	Жайық	C	1700 км

A) I-C, II-A, III-B

B) I-B, II-C, III-A

C) I-A, II-B, III-C

D) I-C, II-B, III-A

13. Картада көрсетілген физикалық-географиялық аймақты XIX ғасырда зерттеген ғалым



A) Қ. И. Сәтбаев

B) У. М. Ахмедсафин

C) О. Б. Мәзбаев

D) Ш. Ш. Уәлиханов

14. Аласа таулардың биіктігінің аласаруы бойынша дұрыс берілген қатар

A) Мұғалжар – Маңғыстау – Сарыарқа

B) Маңғыстау – Мұғалжар – Сарыарқа

C) Мұғалжар – Сарыарқа – Маңғыстау

D) Сарыарқа – Мұғалжар – Маңғыстау

15. Күн радиациясының түрлерін сипаттамасымен сәйкестендіріңіз

	Күн радиациясының түрлері		Сипаттамасы
I	Тура	A	Ауада кедергілер арқылы жерге жетеді
II	Шашыранды	B	Жерге сіңіп, бетін жылытады
III	Жиынтық	C	Жер бетіне кедергісіз жетеді
IV	Жұтылған	D	Тура және шашыранды сәуле қосындысы

A) I-C, II-A, III-D, IV-B

B) I-A, II-B, III-C, IV-D

C) I-B, II-A, III-C, IV-D

D) II-A, III-C, IV-D, I-B

*Нұсқаулық: Сізге контекст негізінде тест тапсырмалары беріледі*

Жетісу Алатауы



16. Жетісу Алатауының ең биік нүктесі

- A) Бүйен
- B) Тоқсанбай
- C) Бесбақан
- D) Көктал

17. Ебі-Нұр көлі мен Алакөл қазаншұңқырлары аралығындағы ойыс

- A) Жетісу қақпасы
- B) Теріскей Алатау
- C) Көктал жазығы
- D) Боро-Хоро жотасы

18. Жылына 70-100 күн шамасында «Жетісу қақпасы» арқылы соғатын жел
- A) Қордай
  - B) Сайқан
  - C) Ебі
  - D) Шелек
19. Жетісу Алатауының солтүстігінде орналасқан нысан
- A) Шу-Іле ойысы
  - B) Алакөл қазаншұңқыры
  - C) Ыстықкөл көлі
  - D) Сайрам-Нор көлі
20. Жетісу Алатауындағы полиметалл кендерінде мол қоры кездесетін металдар қатары
- A) алюминий-титан
  - B) қорғасын-мырыш
  - C) күміс-платина
  - D) боксит-алунит